

Етті тұқымды тұқымдық бұқаларды ұрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағалауды және бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша сынауды өткізу ережесін бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 19 шілдедегі N 456 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылғы 16 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6400 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 31.03.2023 № 112 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңының 20-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Етті тұқымды тұқымдық бұқаларды ұрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағалауды және бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша сынауды өткізу ережесін бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығын дамыту және ветеринариялық қауіпсіздік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Құрішбаев

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2010 жылғы 19 шілдедегі  
№ 456 бұйрығымен бекітілген

Етті тұқымды тұқымдық бұқаларды ұрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағалауды және бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша сынауды өткізу ережесі

1. Жалпы ережелері

1. Осы Етті тұқымды бұқаларды ұрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағалауды және бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша сынауды өткізу ережесі ( бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Заңының 20-бабына сәйкес әзірленген, Қазақстан Республикасы аумағында етті тұқымды тұқымдық бұқаларды ұрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағалауды және бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша сынауды өткізу тәртібін анықтайды.

2. Осы Ережеде келесі түсініктер қолданылады:

бұқашық – тұқымдық бұқаның 18 айлық жасына дейінгі ерек ұрпағы;  
тайынша – тұқымдық бұқаның 18 айлық жасына дейінгі ұрғашы ұрпағы;  
сиырлар-қыздары – тұқымдық бұқаның 27 айлық жасынан асқан төлдеген ұрғашы ұрпағы.

3. Етті тұқымды тұқымдық бұқаларды ұрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағалау және бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша сынау осы Ережеге сәйкес, екі кезеңде өтеді – тұқымдық бұқаларды ұрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағалау кезеңі мен қоралық және қоралық-жайылымдық күтіп-багу жағдайында бақылау өсіру кезінде бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша сынау кезеңі.

4. Бақылау өсіру кезінде бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша сынау әдісімен етті тұқымды тұқымдық бұқаларды ұрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағалауды өткізу бойынша жағдайлар болмағанда, тұқымдық бұқаларды ұрпақтарының сапасы бойынша алдын ала бағасын алу мақсатында, жалпы шаруашылық жағдайында бұқашықтар мен тайыншаларды өсіру кезінде жаппай асылдандыру есебінің мәліметтерін қолдануға жол беріледі. Жалпы шаруашылық жағдайында бұқашықтар мен тайыншаларды өсіру кезінде жаппай асылдандыру есебінің мәліметтері бойынша тұқымдық бұқаларды ұрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағалауды өткізу кезінде мәліметтер есебі осы Ереженің 1-қосымшасында келтірілген нысан бойынша жүргізіледі. Бұл әдіс тек алдын ала бағалау болып табылады, және де алынған мәліметтер тек нақты шаруашылық жағдайында қолданылады және осы Ереженің 2-қосымшасында келтірілген нысан бойынша тұқымдық бұқаларды ұрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағалау және бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша сынау қуәлігін беру үшін негіз болып табылмайды.

5. Тұқымдық бұқаларды ұрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағалау және бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша сынау малды асылдандыруши орталықтардың, сонымен қатар асыл тұқымды мал зауыттардың және малды асылдандыруши шаруашылықтардың өз табынын өз төлі есебінен толықтыру үшін қалдырылған, ал олардың бұқашықтары мен тайыншаларын асыл тұқымдық мақсатта сату жоспарланған тұқымдық бұқалар үшін өткізіледі.

6. Малды асылдандыруши орталықтар толық құнды азықтандыру үшін азықтық қоры және күтіп-бағу жағдайы бар асыл тұқымды мал зауыттарында, малды асылдандыруши шаруашылықтарда және тауарлы шаруашылықтарда тұқымдық бұқаларды ұрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағалауды және бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша сынауды өткізеді.

7. Асыл тұқымды мал зауыттары мен малды асылдандыруши шаруашылықтар оларда азықтық қоры және күтіп-бағу жағдайы болғанда, тұқымдық бұқаларды ұрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағалауды және бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша сынауды өткізеді.

8. Бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша сынау арқылы ұрпақтарының сапасы бойынша тексерілетін және бағаланатын тұқымдық бұқалардың асыл тұқымдық сапасы туралы нақты мәліметтер алу мақсатында, жалпы бір шаруашылықтың және тұқымның аясында алынған нәтижелерін салыстыру үшін, сыналатын бұқашықтарды онтайлы және бірдей азықтандыру және күтіп-бағу жағдайында өсіру қажет.

9. Тексерілетін және бағаланатын тұқымдық бұқалардың бұқашықтарын бақылап өсіру кезінде алынған, тұқымдық бұқаларды ұрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағалауды және бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша сынауды өткізу нәтижесі, типтердің нәтижелігін және ата-аналық жүптарды іріктеп алу нұсқасын талдау үшін негіз болып табылады. Кросстарда анықталған тұқымдық желілердің ең жақсы үйлесімдерін нақты тұқым малдарының өнімділік деңгейін арттыру бойынша келешектегі селекциялық жұмыстарда қолдану ұсынылады.

## **2. Асылдандыру есебінің мәліметтері бойынша тұқымдық бұқаларды ұрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағалау**

10. Жалпы шаруашылық жағдайында өсірілген бұқашықтары мен тайыншаларының асылдандыру есебінің мәліметтері бойынша тұқымдық бұқаларды ұрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағалауды, нақты зоотехникалық және асылдандыру есебін жүргізетін шаруашылықтарда өткізуге жол беріледі.

11. Жалпы шаруашылық жағдайында өсірілген бұқашықтары мен тайыншаларының асылдандыру есебінің мәліметтері бойынша тұқымдық бұқаларды ұрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағалауды олардың 15-18 айлық жасына дейінгі барлық бұқашықтары және тайыншаларының өсу көрсеткіштері, және де тірі салмағы, сұттілігі, сырт пішіні және сиырлар-қыздарының кластық бағасы бойынша өткізеді. Бұл бағалау тұқымдық бұқаның 15 кем емес бұқашықтары және тайыншалары болғанда өткізіледі.

12. Жалпы шаруашылық жағдайында өсірілген бұқашықтары мен тайыншаларының асылдандыру есебінің мәліметтері бойынша тұқымдық бұқаларды ұрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағалауда келесі көрсеткіштер ескеріледі:

бұқашықтары мен тайыншаларының туғандағы, 8, 12, 15, 18 айлық жасындағы орташа тірі салмағы және әрбір өсіру кезеңдері бойынша орташа тәуліктік қосқан салмағы;

сиырлардың 3, 4, 5 және одан ересек жасындағы тірілей салмағы;

сиырлар-қыздарының сүттілігі – бұзаудың 6 айлық жасындағы тірі салмағы бойынша есептелінеді.

Төлдердің өсуі мен дамуы, және де сиырлардың өнімділік көрсеткіштері айтарлықтай дәрежеде азықтандыру және күтіп-бағу деңгейіне байланысты болғандықтан, мәліметтерді өңдеуді малдардың туған жылдары және малдарды қолдану бойынша жеке жүргізу қажет.

Толық жастағы сиырлардың шартты көрсеткіштерін есептеу үшін, жас сиырларды тірі салмағы және сүттілігі туралы мәліметтерді ауыстыру кезінде тұқымдықтарды бағалау жүргізілетін, табын бойынша есептелінген, түзету коэффициенттерін қолдану қажет.

Сиырларды тірілей салмағы бойынша бағалау кезінде, сиырлардың толық жасына аударылған шартты тірі салмақтарын шығару қажет, ол үшін 3 жастағы сиырдың салмағын 1, 2 және 4 жастағы – 1,08 коэффициентіне көбейтеді.

Сүттілік көрсеткіштерін аудару үшін сиырлардың толық жасына бірінші бұзаулаған сиырлардың бұзауларының тірі салмағын 10 %-ға, екінші бұзаулаған сиырлардың 5 %-ға көтереді.

Кешенді белгілері бойынша белгілі бір немесе басқа класқа жатқызылған сиырлар-қыздарының санын тұқымдық бұқаны бағалау өткізілген жалпы сиырлар-қыздары санына пайыздық қатынасын жазады.

Барлық көрсеткіштер абсолюттік мөлшерде және құрдастарының көрсеткіштеріне пайыздық қатынаста шығарылады.

Жалпы шаруашылық жағдайында өсірілген бұқашықтары мен тайыншаларының асылдандыру есебінің мәліметтері бойынша тұқымдық бұқаларды ұрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағалауды өткізуде алынған мәліметтер, накты шаруашылық жағдайында тұқымдық бұқаның асыл тұқымдық құндылығы туралы алдын ала қорытынды алу үшін негіз болып табылады және басқа шаруашылықтар үшін қолданылмайды.

### **3. Тұқымдық бұқаларды ұрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағалау бір уақытта бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша сынау арқылы**

13. Шаруашылықта қолданылатын сиырлардың төлдеу маусымына байланысты, тұқымдық бұқаларды ұрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағалауды бір уақытта бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша сынау арқылы қоралық немесе қоралық-жайылымдық әдістермен өткізеді.

14. Тұқымдық бұқаларды ұрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағалауды бір уақытта бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша сынау арқылы қоралық әдісімен 8-ден 15 айлық жасында өткізеді.

15. Тұқымдық бұқаларды ұрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағалауды бір уақытта бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша сынау арқылы қоралық-жайылымдық әдісімен 12-ден 18 айлық жасында жайылымда өткізеді.

16. Тұқымдық бұқаны ұрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағалауды және бұқашықтарды ұрпақтарының сапасы бойынша сынауды өткізу әдісін таңдау, тұқымдық бұқаларды ұрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағалауды және бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша сынауды өткізетін малды асылданыруши орталықтың, асыл тұқымды мал зауытының және малды асылданыруши шаруашылықтың басшысымен анықталады.

17. Малды асылданыруши орталық тұқымдық бұқаларды ұрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағалауды және олардың бұқашықтарын өз өнімділігі бойынша сынауды асыл тұқымды мал зауытының, малды асылданыруши шаруашылықтың, тауарлық шаруашылықтың жағдайында өткізетін болса, малды асылданыруши орталық Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық заңнамасына сәйкес, олармен тұқымдық бұқаларды ұрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағалауды және бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша сынауды өткізу туралы келісім-шарт жасайды.

18. Тұқымдық бұқаларды ұрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағалауды және бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша сынауды өткізу әдісін таңдау кезінде бұқашықтардың жасы маңызды талаптардың бірі болып табылады. Қоралық күтіп-бағу кезінде сыналатын бұқашықтар сынақ соңына қарай 13 айлық жастан асып кеткен жағдайда, сынақ оларды жайылымға шығармастан, қоралық әдіспен жалғасады. Ауыстырудың мақсатқа сайлығы туралы шешімді осы Ереженің 16 және 17-тармақтарына сәйкес басшысы қабылдайды.

### **§ 1. Бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша қоралық күтіп-бағу жағдайында сынау**

19. Бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша сынауды қоралық күтіп-бағу жағдайында өткізгенде келесі көрсеткіштерді ескереді:

1) 8-ден 15 айлық жасына дейін өсіру және бордақылау кезеңіндегі есу қарқынын;

2) 8-ден 15 айлық жасына дейінгі кезеңдегі 1 килограмм (бұдан әрі – кг) есіміне жұмсалған азық шығынын;

3) 15 айлық жасындағы тірі салмағын;

4) 15 айлық жасындағы еттілік формасын.

20. Ұрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағалауға жатқызылатын әр түкимдық бұқаға ұқсастық қағидасы бойынша таза түкимды, жоғары қанды, жетінші төлдеуден ересек емес, 1 және одан жоғары клас талаптарына сай келетін, 50-ден кем емес сиыр (оның қыздары болып табылмайтын) бекітеді.

21. Бір жастағы бұқашықтар және тайыншаларды алу мақсатында барлық іріктеліп алынған сиырлар бір, ең көбі екі ай аралығында ұрықтандарылады. Ұрықтандыруды жүргізудің ең қолайлы кезеңі – мамыр-маусым айлары. Осы айларда ұрықтандыруды жүргізу бұқашықтарды қоралық ұстau әдісімен сынауға, өз өнімділігі бойынша сынау нәтижесінде іріктелген жақсыларын шағылыстыруға жіберуге және келесі жылды оны ұрпағының сапасы бойынша бағалауға мүмкіндік береді. Бұл жүйе кезінде түкимдық бұқалар 3-3,5 жасында өз өнімділігі және ұрпақтарының сапасы бойынша екі кезеңді генотиптік бағалаудан өтеді.

22. Алынған төлдер 7-8 айлық жасына дейін енелерімен бірге толық емізуде өсіріледі. Төлдерді сиырлардан айырған соң, әр бағаланатын түкимдық бұқадан 15-тен кем емес қалыпты дамыған бұқашықтарды іріктеїді. Нақты немесе басқа да себептермен өсімі бойынша артта қалған (жалпы дамуы бойынша 1 класс талаптарын қанағаттандырмайтын) бұқашықтар сынауға алынбайды.

23. Ұрпақтарының сапасы бойынша тексерілетін және бағаланатын түкимдық бұқалардың бұқашықтарын өз өнімділігі бойынша сынау кезінде, ұрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағалауға жатпайтын немесе ұрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағалаудан өткен түкимдық бұқалардың бұқашықтарын өз өнімділігі бойынша сынаған жөн. Бұл түкимдық бұқалардың құрамын тек қана алдын ала өз өнімділігі бойынша бағалаудан өткен бұқашықтар есебінен іріктеуге мүмкіндік береді.

24. Сиырлардан айырып алған соң, ірікте алынған барлық бұқашықтарды, оларды жеке азықтандыруға және азықтың пайдаланылу есебін жүргізуге мүмкіндік беретін бөлімдермен жабдықталған, жеке торлары бар қораға ауыстырады. Кора жанынан бұқашықтарға азықтандыру және суару ұйымдастырылған серуен алаңын қарастырады.

25. Өз өнімділігі бойынша сыналатын бұқашықтарды жеке ұстau және азықтандыру үшін торлы қоралар болмағанда азықтың пайдалануының топтық есебін жүргізе отырып қоралық күтіп-бағу жағдайында өз өнімділігі бойынша сыналатын бұқашықтарды бақылап өсіруді жүргізуге жол беріледі. Бұл орайда бір топтың бұқашықтары, басқа топтың азықтарын пайдалануына

мүмкіндік берілмеуі тиіс. Бұл жағдайда азықтарды пайдалану есебі, жалпы топтық және жеке мәліметтер бойынша анықталады.

26. Бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша сынауды өткізу уақытында қарқынды өсіруді 15 айлық жасына дейін жүргізеді. Сыналатын бұқашықтардың азықтандыру деңгейін және рационын, сыналатын бұқашықтардың сынау кезеңінің соңында тірі салмағы элита-рекорд класы талаптарынан төмен болмауы есебімен құрастырады. Бұл нәтижелерге қол жеткізу, өз өнімділігі бойынша сыналатын бұқашықтар тәулігіне 1000 грамм (бұдан әрі – г) кем емес тірі салмақ қосқан жағдайда мүмкін.

27. Азықтандыру рационы құрамына сапалы азықтар – пішен, пішендеме (немесе сүрлем) және құнарлы азықтар, үлес салмағы сәйкесінше жалпы құнарлылығынан ірі және шырынды азықтар 20-25% және құрама жем 50% болу қажет. Қоралық кезеңде өз өнімділігі бойынша сыналып жатқан бұқашықтарды азықтандыру рационының үлгісі осы Ереженің 3-қосымшасында көрсетілген. Бұқашықтарды суару үшін жылдың сүйк мезгілінде суды жылдытумен автосуғарғыштарды немесе топтастырылған суарғыштарды қолданады.

28. 8-ден 15 айлық жасына дейін бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша сынауды өткізу кезеңінде келесі көрсеткіштерді анықтау қажет:

тірі салмағын – әр айдың соңында, ертеңгі азықтандыру алдында жекелей өлшеу жолымен, ал 15 айлық жасында – қатарынан екі күн өлшеп, орташа салмағын есептеу арқылы;

8-ден 15 айлық жасына дейінгі орташа тәуліктік қосқан салмағын;  
пайдаланылған азық мөлшерін – берілген және қалдық азықты (қатарынан екі күн) өлшеу арқылы;

15 айлығындағы еттілік формаларының жетілуін, 60 балдық шкаlamен.

29. Өз өнімділігі бойынша сыналып жатқан бұқашықтардың 15 айлық жасындағы еттілік формалары осы Ереженің 4-қосымшасының 1 кестесінде келтірілген мәліметтерге сәйкес бағаланады.

30. Еттілік формаларын бағалау өз өнімділігі бойынша сыналып жатқан бұқашықтардың сырт пішінің өлшемдерін алumen жалғасады және алынған көрсеткіштермен, және де сәйкесінше дene бітімінің индекстерімен түзетіледі.

31. Өлшемдердің абсолюттік көрсеткіші топ бойынша орташа көрсеткіштерден төмен болса, нақты немесе басқа дene мүшесін жоғары балмен бағалауға жол берілмейді. Дене мүшелерін бағалауды жоғарылату оның кеңдік, ұзындық, тереңдік өлшемдерінің көрсеткіштері жоғары болғанда мүмкін.

32. Тұқымдық бұқаларды және бұқашықтарды бағалау келесі селекциялық белгілермен жүргізіледі:

1) 8-ден 15 айлық жасындағы орташа тәуліктік қосқан салмағы:

5 балл – 1000 г және жоғары<sup>x</sup>;

4 балл – 850 г төмен емес;

3 балл – 700 г төмен емес;

2 балл – 700 г дейін.

<sup>x</sup> – галловей тұқымының орташа тәуліктік салмағының стандарты 10 % төмен

2) бұл белгінің бонитировкалау класына байланысты 15 айлық жасындағы тірі салмағы:

5 балл – тірі салмағы элита-рекорд класынан төмен емес;

4 балл – тірі салмағы элита класынан төмен емес;

3 балл – тірі салмағы I класынан төмен емес;

2 балл – тірі салмағы II класынан төмен емес.

3) 8-ден 15 айлық жасындағы 1 кг қосымша салмаққа жұмсалған азық:

5 балл – 7 азық өлшеміне дейін;

4 балл – 8 азық өлшеміне дейін;

3 балл – 9 азық өлшеміне дейін;

2 балл – 10 азық өлшеміне дейін.

4) тірі кезіндегі еттілік сапасын (еттік формасын) бағалау:

5 балл – еттілік формасын бағалауда 54 балл;

4 балл – еттілік формасын бағалауда 48 балл;

3 балл – еттілік формасын бағалауда 42 балл;

2 балл – еттілік формасын бағалауда 36 балл.

33. Ұрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағаланудан өтіп жатқан тұқымдық бұқаның сыналатын бұқашықтарының және жеке бұқашықтардың орташа тәуліктік қосқан салмағы, азық шығыны, тірі салмағы және еттілік формасы көрсеткіштері бойынша алған бағалары осы Ереженің 4-қосымшасының 2 кестесіне сәйкес, тұқымдықты ұрпақтарының сапасы бойынша және сыналып жатқан бұқашықтарды кешенді бағалау үшін қолданылады.

34. Тұқымдық бұқаның ұрпақтарының сапасы бойынша кластиқ бағасын осы Ереженің 4-қосымшасының 3 кестесінде келтірілген мәліметтерге сәйкес, оны бағалау кезінде кешенді класын анықтау үшін қолданады.

35. Тұқымдық бұқалардың ұрпақтарының сапасы бойынша және бұқашықтардың өз өнімділігі бойынша кешенді класы осы Ереженің 4-қосымшасының 4 кестесінде келтірілген мәліметтерге сәйкес, өткізілген бағалау нәтижесі бойынша анықталады.

36. Өз өнімділігі бойынша сынау нәтижесінде алынған бұқашықтың кешенді бағасы тірі салмағы, сырт пішіні және конституциясы бойынша жиынтық

бағасына қосылады және бағалау кезінде кешенді класын шығаруда қолданылады.

## § 2. Бұқашықтарды қоралық-жайылымдық күтіп-бағу жағдайында сынау

37. Етті тұқымды ірі қара малдың, онтогенездің қолайлы кезеңінде сақталынатын, жайылып семіру сапасын анықтау және интенсивті өсетін дарақтарын анықтау үшін, қоралық-жайылымдық күтіп-бағу жағдайында тұқымдық бұқалардың үрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағалауды және бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша сынауды өткізу ді 18 айлық жасына дейін қарастырады.

Қоралық-жайылымдық күтіп-бағу жағдайында сынауды өткізгенде қоралық кезеңінде күтіп-бағу жағдайы осы Ереженің 23 немесе 24 тармақтарына сәйкес келуі қажет. Жайылымдық кезеңінде өз өнімділігі бойынша сыналатын бұқашықтарды бір табында және бір жайылымда ұстайды, және де сыналатын бұқашықтарды құнарлы азықпен азықтандыру жағдайында сыналатын топ бойынша олардың бөлінуін және пайдаланылуының бөлек топтық есебінің енгізілуін қамтамасыз етуі қажет.

38. Бұқашықтар белгілерін бақылау өсірудің қоралық-жайылымдық жүйесі кезінде балдық бағалау төмендегі талаптарға сәйкес өткізіледі:

1) 8-ден 18 айлық жасына дейін орташа тәуліктік қосқан салмағы өсімін бағалау осы Ереженің 4-қосымшасының 5 кестесінде келтірілген мәліметтерге сәйкес анықталады;

2) Осы белгінің бағалау класына байланысты 18 айлық жасындағы тірі салмағы:

5 балл – тірі салмағы элита-рекорд класынан төмен емес;

4 балл – тірі салмағы элита класынан төмен емес;

3 балл – тірі салмағы I класынан төмен емес;

2 балл – тірі салмағы II класынан төмен емес.

3) 8-ден 18 айлық жасындағы 1 кг тірі салмағы өсіміне жұмсалған азық шығының бағалау осы Ереженің 4-қосымшасының 6 кестесінде келтірілген мәліметтерге сәйкес анықталады;

4) Тірі кезіндегі еттілік сапасын (еттілік формасын) бағалау 18 айлық жасында;

5 балл – еттілік формасы 54 балдан төмен болмауы керек;

4 балл – еттілік формасы 48 балдан төмен болмауы керек;

3 балл – еттілік формасы 42 балдан төмен болмауы керек;

2 балл – еттілік формасы 36 балдан төмен болмауы керек.

39. Тұқымдық бұқаның және бұқашықтың класы осы Ереженің 4-қосымшасының 3 кестесінде келтірілген мәліметтерге сәйкес, балдардың жиынтығы бойынша белгіленеді.

40. Бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша қоралық-жайылымдық сынау кезінде олардың жайылымда болуы кем дегенде 6 айды құрайды. Бұл кезеңде олар тек жайылымдағы азықпен ғана қоректенеді, жайылым өсімдіктерінің есіп-жетіле қоймаған кезінде, жайылымның алғашқы айында жетіспейтін қоректік заттарды құнарлы азықтармен толықтыру ұсынылады. Пайдаланылған азықтың есебі жанама зоотехникалық әдісі арқылы бұқашықтың орташа тәуліктік қосқан салмағы бойынша кері есептеу, осы Ереженің 4-қосымшасының 7 кестесінде келтірілген нормативтерге сәйкес өткізіледі.

41. Жайылымдық кезеңде пайдаланылған азықтың мөлшерін анықтау үшін, ай сайын бұқашықтардың салмағын өлшеуді жүргізу қажет. Белгілі бір уақыт аралығында алынған бұқашықтың қосымша тірілей салмағын азық өлшемімен алынған азық шығыны нормасына көбейтеді және жұмсалған азық өлшемінің мәні алынады. Қорытынды көрсеткіш, сол кезеңдегі азық өлшемі шығынын көрсетеді. Бұл саннын пайдаланылған құнарлы азықтың мөлшері есептелінеді, алынған айырмашылыққа жайылымдық шөптің құнарлылығына қатысты азық шығыны нақты түрде анықталады.

Пайдаланылған жайылымдық азықты есептеуге мысал:

Норма бойынша 12-18 айлар кезеңінде 1 кг қосымша салмаққа 10,6 азық өлшемі жұмсалады;

бұл кезеңдегі алынған қосымша салмақ – 140 кг;

пайдаланылған азықтың қоректілігі –  $140 \times 10,6 = 1484$  азық өлшемі;

пайдаланылған құнарлы азық – 300 кг (300 азық өлшемі);

пайдаланылған жайылымдық азық –  $1484 - 300 = 1184$  азық өлшемі;

жайылымдық азықтың қоректілігі – 0,24 азық өлшемі;

пайдаланылған нақты жайылымдық азық  $1184 : 0,24 = 4933$  кг.

#### **4. Ең жақсы тұқымдық бұқаларды ұрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағалау**

42. Тұқымфа, әсіресе аталық із басы немесе оның ізін жалғастыруышылар ретінде іріктелініп алынған, ұрпақтарының сапасы бойынша тексерілген және бағаланған тұқымдық бұқаның препотенттілігін (тұрақты тұқымқуалаушылығын) анықтау мақсатында, оның ерекшелігі ұрпағына қандай шекте берілетінін білу қажет. Тұқымдықтың препотенттілігін анықтау әдісі оның бұқашықтары мен тайыншаларында белгілердің өзгергіштік деңгейін анықтауға негізделеді. Препотентті тұқымдық бұқалар белгілерінің дамуы бойынша біркелкі бұқашықтар мен тайыншалар береді. Тұқымдық бұқаның препотенттілігін

анықтау кезінде, оның бұқашықтары мен тайыншаларының өнімділік көрсеткіштерін топаралық ерекшелік нақтылығы деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін вариациялық статистикалық әдіспен өндейді.

43. Ет өнімділігін, сойыс шығымын, ұша және ет сапасын барынша нақты анықтау үшін ұрпақтарының сапасы бойынша тексерілген және бағаланған тұқымдық бұқалардан алынған өз өнімділігі бойынша сыналатын бұқашықтардың ішінен бақылау сою жүргізеді.

44. Бақылау союға жасы бойынша біркелкі және өз тобына сай 15 немесе 18 айлық жастағы ұш бұқашық жатқызылады. Бақылау сою әсіресе жаңадан құрылған тұқымдық желінің аталық ізін және олардың ізін жалғастырушыларын бағалау кезінде қажет.

45. Бұқашықтарды союды 24 сағат аштықта ұстағаннан соң өткізеді. Бақылау союды өткізу кезінде сою алдындағы тірі салмағын, сойыс салмағын, сойыс шығымын (ұша және іш майы) анықтайды. Ұша сыртқы түрі бойынша бағаланады, кейін ет пен сүйектің абсолютті және үлес салмағын анықтау үшін бөлшектеуге түседі. Сойыс көрсеткіштерін анықтаған соң, еттің химиялық құрамын және энергетикалық құндылығын анықтау үшін талдау жүргізеді.

46. Бақылау сою кезінде сойылған малдың ет өнімділігін сойыс шығымы және етінің сапасы бойынша төменде келтірілген талаптарға сәйкес анықтайды.

Ұшаның сойыс шығымын бағалау:

55,0 % дан жоғары – 5 балл;

53,0-55,0 % – 4 балл;

51,0-53,0 % – 3 балл;

49,0-51,0 % – 2 балл.

Ұшаның сапасын балдық бағалау төмендегі талаптарға сәйкес жүргізіледі:

5 балл – ұшаның еті өте жақсы дамыған, еттің сыртқы қабатындағы майы біркелкі;

4 балл – ұшаның еті жақсы дамыған, еттің сыртқы қабатындағы майдың жоқ жері аз;

3 балл – ұшаның еті қанағаттанарлық дамыған, еттің сыртқы қабатындағы майы біркелкі емес, майы жоқ жерлері кездеседі;

2 балл – ұшаның еті қанағаттанарлық дамыған, ұшаның сыртқы қабатында май жоқ.

Ең жоғары баға өте майлы емес, 1 кг сүйекке келетін жұмсақ еттің үлесі көп ұшага беріледі.

Бақылау союды жүргізгенде, тұқымдық бұқаны ұрпақтарының сапасы бойынша кешенді бағалау осы Ереженің 4-қосымшасының 8 кестесінде келтірілген шкала бойынша жүзеге асырылады.

Тұқымдық бұқаның ұрпақтарының сапасы бойынша кешенді бағасы осы Ереженің 4 қосымшасының 8 кестесінде берілген мәлімет бойынша, осы Ереженің 4 қосымшасының 3 кестесінде ұсынылған талаптарға сәйкес тұқымдық бұқаның ұрпақтарының сапасы бойынша класын анықтау үшін қолданылады.

##### **5. Асыл тұқымдық санатының индексін анықтау және ұрпақтарының сапасы бойынша тексерілген және бағаланған тұқымдық бұқаларды және өз өнімділігі бойынша сыналған бұқашықтарды қолдану**

47. Ұрпақтарының сапасы бойынша тексерілген және бағаланған тұқымдық бұқалардың және өз өнімділігі бойынша сыналған бұқашықтардың асыл тұқымдық санатын анықтау мақсатында, сонымен қатар әртүрлі шаруашылықтарда немесе бір шаруашылықта, тек әр түрлі жылдары тұқымдық бұқаларды ұрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағалауды және бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша сынауды өткізу барысында алынған нәтижелерді салыстыру үшін селекциялық индекстерді есептеуді жүргізеді.

48. Ұрпақтарының сапасы бойынша тексерілетін және бағаланатын тұқымдық бұқаның әр сыналған бұқашығының және сыналған бұқашықтар топтарының селекциялық индекстері 15 немесе 18 айдағы тірі салмағы, 8-ден 15 (18) ай аралығы кезеңіндегі орташа тәуліктік қосқан салмағы, азықты өтеу және еттілік формасы бойынша – бір мезгілде сынаудан өткен бұқашықтардың орташа көрсеткіштеріне пайыздық қатынасы жолымен анықталады. Сонымен қатар, барлық белгілер бойынша кешенді (орташа арифметикалық) индексі есептелінеді . Егер де бұқашық өз өнімділігі бойынша сыналса, класын белгілеген соң, ол "А" әріпінен кейін, егер тұқымдық бұқа ұрпақтарының сапасы бойынша тексерілген және бағаланған болса "Б" әріпінен кейін қойылады.

49. Егер шаруашылықта 2-3 тұқымдық бұқаны ұрпақтарының сапасы бойынша мүмкіндігінше бір мезгілде тексеретін және бағалайтын мүмкіндік болса, онда олардың индексін есептеу қажет етілмейді. Ереже секілді, үш бұқадан бір-бірден "жақсартушы", "нашарлатушы" және "бейтарап" шығады. Сондықтан да, шаруашылық ішінде тек өзінің өнімділігі бойынша бағаланып жатқан бұқашықтардың селекциялық индексін анықтау қажет. Ұрпақтарының сапасы бойынша тексерілетін және бағаланатын тұқымдық бұқалар үшін "Б" индексін сәйкес каталогты құрастыру кезінде жалпы тұқымға қатысты анықтау қажет.

50. Белгілі бір шаруашылықта өз өнімділігі бойынша сыналған әр бұқашық үшін анықталған "А" индексі көлемінің мәні, салыстырмалы түрінде популяция шеңберінде салыстырмалы түрде малдың асыл тұқымдық құндылығын дұрыс сипаттай бермейді. Ең жоғарғы көрсеткіш алынған шаруашылықтағы индекс мөлшері, төменгі көрсеткішті шаруашылықтан төмен, немесе керісінше жоғары

болуы мүмкін. Сондықтан, ұрпақтарының сапасы бойынша тексерілген және бағаланған тұқымдық бұқалардың және өз өнімділігі бойынша сыналған бұқашықтардың каталогтарында, тексеру мен бағалау нәтижелерін жинақтау барысында, барлық ұрпақтарының сапасы бойынша тексерілген және бағаланған тұқымдық бұқаларға және өз өнімділігі бойынша сыналған бұқашықтарға қатысты салыстырмалы түрде индекстеу көзделген. Бірінші кластың талабы – жалпы бөлімге тұқым стандарты қабылданады.

51. Тұқымдық бұқаларды ұрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағалау және бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша сынау кезінде әр бағаланатын белгі және олардың кешені бойынша селекциялық индекстерін шығару төменде берілген формуламен орындалады:

$$A_c = \frac{\Pi}{M}; \quad A_n = \frac{\Pi}{\bar{M}}; \quad B_1 = \frac{\Pi}{\bar{M}}$$

$A_c$  – табын шеңберінде сыналған бұқашықтың селекциялық индексі;

$A_n$  – популяция шеңберінде сыналған бұқашықтың селекциялық индексі;

$B_1$  – популяция шеңберінде ұрпақтарының сапасы бойынша бағаланған тұқымдық бұқаның селекциялық индексі;

$\Pi$  – бұқашықтың (тұқымдық бұқаның) өнімділігі;

$M$  – шаруашылықта сынақтан өткен барлық бұқашық құрдастарының орташа көрсеткіші;

$St$  – селекцияланған белгінің тұқымдық стандарты, осы Ереженің 4-қосымшасының 9 кестесіндегі мәліметтерге сәйкес.

52. Бір класпен бағаланған ұрпақтарының сапасы бойынша тексерілген және бағаланған тұқымдық бұқалардың және өз өнімділігі бойынша сыналған бұқашықтардың ішінен, әр белгінің нақты көрсеткіштерін есепке ала отырып, барынша жоғары кешенді индексті малдарға көніл аудару қажет.

53. Тұқымдық бұқаларды ұрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағалау және бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша сынау нәтижесінде кешенді индексі 100-ден төмендерін асыл тұқымды мал зауыттарында және малды асылдандыруши шаруашылықтарда асыл тұқымды ұрпақ алу үшін қолданбайды, оның ішінде қолдан ұрықтандыру үшін де.

54. Асыл тұқымды мал зауыттарында және малды асылдандыруши шаруашылықтарда өз табынын толықтыруға индексі 100-ден жоғары ұрпақтарының сапасы бойынша тексерілген және бағаланған тұқымдық бұқаларды және өз өнімділігі бойынша сыналған бұқашықтарды қалдырады.

55. Тұқымдық бұқаларды ұрпақтарының сапасы бойынша тексеру мен бағалауды және бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша сынауды өткізгеннен

кейін кешенді индекстері 100-ден төмендерін тек тауарлы шаруашылықтарда және жеке қосалқы шаруашылықтарда қолдануға жол беріледі.

56. Ұрпақтарының сапасы бойынша тексерілген және бағаланған, және де оның нәтижесінде барлық селекциялық белгілері бойынша ең жоғары баға алған тұқымдық бұқалардан асыл тұқымды орталықтарда құнды генетикалық қор құру үшін және оның ет бағытындағы мал тұқымын жақсартуда кеңінен қолданылуы үшін ұрық жинақталады.

Табын және популяция шеңберінде ұрпақтарының сапасы бойынша тексерілген және бағаланған тұқымдық бұқалардың және өз өнімділігі бойынша сыналған бұқашықтардың асыл тұқымдық санатын анықтау үшін индекс мөлшерлерінің нормативтері осы Ереженің 4 қосымшасының 10 кестесінде келтірілген.

